

Мектепке жол акциясы бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы №56 бұйрығына сәйкес мектептің «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын орындау мақсатында Кеңес мүшелерінің жұмыстары атқарылуда.

Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен және жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу.

Мектебімізде – қамқоршылық кеңес мүшелері бар. Жыл басында ауданның жаңа оқу жылына дайындығын қадағалау, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде тегін ыстық тамақпен, мектеп формасымен қамтылуының барысы күн тәртібі отырысында мектеп директорының оқу, тәрбие жөніндегі орынбасарларының атқарылған жұмыстары таныстырылып, жұмыстардың мақсатты орындалғандығына баға беріледі.

Мектепке жол акциясы бойынша ақпарат.

№21 жалпы білім беретін мектеп бойынша 1-11 сыныптарда 2804 оқушы оқиды. Оның ішінде:

аз қамтылған отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, АӘК алатын отбасылардан шыққан балалар-659

көп балалы отбасылардан -514

жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар -11

қолайсыз отбасылар - 6, оларда 17 бала тәрбиеленуде.

Білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) 2024 жылы қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған бюджеттен «Жалпыға бірдей оқыту» қоры шеңберінде 1403 бала тегін ыстық тамақ ішеді. Мектеп формасы мен аяқ киімге 659 балаға 50мың теңгеден ата-анасының есеп шотына аударылды.

2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін аз қамтылған, көп балалы отбасылардан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың оқушыларына қажетті көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияға барлық ниет білдірушілер қатысты; Каз Мұнай Газ мекемесі Акимов Ержан мен Акимова Алтынайға 50 мың теңге қаржылай берді. Халық банкі 1 сыныпқа келетін 5 оқушыға сөмке мен оқу құралын, және НұрОтан партиясы 5 оқушыға сөмке мен 20 мың теңге берді, №21 мектеп ұжымы 20мың теңгеге Омаров Айбекке оқу құралдарын алып берді

Жаңаөзен қаласы

№21 жалпы білім беретін мектептің

әлеуметтік педагогі

Курмантаева Жаннур

2024/2025 оқу жылы